

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметі арасындағы
Инвестицияларды көтермелеге және өзара қорғау туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 29 тамыз N 1309

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1997 жылғы 2 маусымда Алматы қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасы Үкіметі арасындағы Инвестицияларды көтермелеге және өзара қорғау туралы келісім бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің қабылдаған шешімі туралы Өзбекстан тарапын хабардар етсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының
Үкіметі арасындағы инвестицияларды көтермелеге және өзара қорғау
туралы**
КЕЛІСІМ

(1997 жылғы 8 қыркүйекте күшіне енді - СІМ-нің ресми сайты)

Бұдан әрі "Уағдаласушы Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі екі мемлекеттің өзара пайдасы үшін олардың арасындағы барынша кең экономикалық ынтымақтастыққа ұзақ мерзімді негізде жәрдемдесуге тілек білдіре

о т ы р ы п ,

бір Уағдаласушы Тарап мемлекеті инвесторларының инвестициялары үшін екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында тиімді жағдайлар құру және сақтау мақсатында инвестицияларды көтермелеге және қорғау қажеттілігін тани отырып,

инвестициялардың қалыпты негізгі экономикалық ресурстарды пайдаланудың барынша тиімділігін және өндіргіш күштерді дамытуды қамтамасыз етеді деп келісе

о т ы р ы п ,

мына төмендегілер жөнінде уағдаласты:

1-бап

Жалпы айқындаудар

Осы Келісімнің мақсаттары үшін:

1. "Инвестор" термині мыналарға тарайды және құрамына:

- а) Уағдаласуши Тараптар мемлекеттерінің занды тұлғаларын;
б) Уағдаласуши Тараптар мемлекеттерінің азаматтарын, азаматтар бірлестіктерін және азаматтығы жоқ адамдарды қамтиды.

2. "Инвестициялар" термині бір Уағдаласуши Тарап инвесторларының пайда (табыс) табу мақсатында екінші Уағдаласуши Тарап мемлекетінің аумағына жүмсайтын кез келген мүлік құндылықтарының түрі мен оған деген құқықтарды, сондай-ақ интеллектуалдық меншік құқықтарын білдіреді және ішінара, бірақ толық емес түрде

м ы н а л а р д ы :

- а) қозғалмалы және қозғалмайтын мүлікті және оған байланысты мүліктік құқықты;
- б) ақша қаржыларын, акцияларды, салымдарды және басқа да құнды қағаздарды және Уағдаласуши Тараптардың әрқайсысының зандарына сәйкес тіркелген кәсіпорындарға, акционерлік қоғамдарға, шаруашылық серіктестіктеріне, бірлестіктерге және өзге де занды тұлғаларға қатысадын кез келген нысандарын;
- в) инвестицияларды жүзеге асыруға байланысты, экономикалық құндылығы бар ақшалай талаптар мен өзге де құқықтар;
- г) авторлық құқықтарды, өнертапқыштық, патенттер, өнеркәсіптік жобалар және үлгілер, сауда белгілері, фирмалық атаулар, өндірілген орнының көрсеткіштері, технологиялар, ноу-хау тәрізді интеллектуалдық және өнеркәсіптік меншік құқықтарын және басқаларды;
- д) жерді (соның ішінде жалдау негізінде) және табиғи ресурстарды иелену және пайдалану құқықтарын қамтиды.

3. Инвестициялау орны бойынша Уағдаласуши Тарап мемлекетінің зандарына сәйкес жүзеге асырылған инвестициялар нысандарының өзгеруі оның инвестиция ретіндеғі сипатын өзгертпейді.

4. "Занды тұлғалар" термині бір Уағдаласуши Тарап мемлекетінің зандарына сәйкес құрылған және екінші Уағдаласуши Тарап мемлекетінің аумағында инвестицияларды жүзеге асыратын кез келген занды тұлғаны білдіреді.

5. "Азаматтар" термині бір Уағдаласуши Тарап мемлекетінің зандары бойынша азаматтығы және құқықтық қабілеті бар, оның аумағында немесе шетелде тұрақты тұратын және екінші Уағдаласуши Тарап мемлекетінің аумағында инвестицияларды жүзеге асыратын адамдарды білдіреді.

6. "Азаматтығы жоқ адамдар" термині бір Уағдаласуши Тарап мемлекетінің аумағында тұрақты тұратын, кәсіпкерлік қызмет жүргізу үшін осы Уағдаласуши Тарап мемлекетінің зандарына сәйкес тіркелген және екінші Уағдаласуши Тарап мемлекетінің аумағында инвестицияларды жүзеге асыратын азаматтығы жоқ адамдарды білдіреді.

7. "Табыстар" термині толық түрде емес, олардың осы баптың 2-тармағында белгіленгеніндей пайда, проценттер, дивидендтер, роялти, лицензиялық және

комиссиондық сыйақылар, техникалық көмек, техникалық қызмет көрсету үшін төлемдер және басқа да нысандағы сыйақылар түріндегі, инвестициялар нәтижесінде алынған қаржыларды білдіреді.

8. "Аумақ" термині тиісінше Уағдаласуши Тараптың мемлекеті халықаралық құқық нормаларына сәйкес өзінің егеменді құқықтары мен юрисдикциясын жүзеге асыратын аумақты білдіреді.

2-бап

Инвестицияларды көтермелеу және қорғау

1. Эрбір Уағдаласуши Тарап өз мемлекетінің заңдарына сәйкес өз мемлекетінің аумағында екінші Уағдаласуши Тараптың мемлекеті инвесторларының инвестицияларына рұқсат ететін және оларды көтермелейтін болады, сондай-ақ бұл инвестицияларға толық және сөзсіз түрде құқықтық қорғау кепілдігін беретін болады.

2. Өз мемлекетінің заңдары шеңберінде әрбір Уағдаласуши Тарап өзара инвестициялардың сан алуан нысандарын қолдайтын, оларды өз мемлекетінің аумағында қорғауды қамтамасыз ететін болады және олардың жұмыс істеуіне, пайдаланылуына және жұмсалуына қатысты заңсыз басқару шараларын қолдану жолымен бұл инвестицияларға қысым көрсетпейтін болады.

3. Егер Уағдаласуши Тарап осы Келісім шеңберінде өз мемлекетінің аумағына инвестициялауға рұқсат беретін болса, онда осы Уағдаласуши Тарап өз мемлекетінің заңдарына сәйкес екінші Уағдаласуши Тарап мемлекетінің инвесторларына осындай инвестицияларға байланысты қажетті рұқсаттар беретін болады.

3-бап

Ұлттық режим және мейліншे қолайлыштық режимі

1. Уағдаласуши Тараптардың әрқайсысы екінші Уағдаласуши Тарап мемлекеті инвесторларының инвестициялары мен табыстарына өз мемлекетінің аумағында оның өз инвесторларының инвестициялары мен табыстарына және/немесе кез келген үшінші бір мемлекет инвесторларының инвестициялары мен табыстарына беретін режимнің қолайлыштығынан ешқандай да кем емес, әділетті және тең құқықты режим жасайды.

2. Әрбір Уағдаласуши Тарап екінші Уағдаласуши Тарап мемлекетінің инвесторлары жүзеге асыратын инвестицияларға қатысты оның ұлттық заңдары мен осы Келісімнен туындаитын кез келген міндеттемелерді орындаитын болады.

3. Осы Келісімнің барынша қолайлы жағдай жасау принципіне байланысты ережелері Уағдаласуши Тараптардың біреуінің екінші Уағдаласуши Тарап мемлекетінің инвесторларына мыналардан:

а) қазіргі кезде бар немесе болашақта болуы мүмкін кедендей, валюталық және төлемдік одақтардан, еркін сауда және бірынғай тарифтер аймағынан, ортақ рыноктан

немесе Уағдаласуши Тараптардың біреуі қатысушысы болып табылатын немесе болуы мүмкін аймақтық экономикалық интеграция туралы келісімдердің кез келген өзге де нысандарынан;

б) қосарлы салық салуды және салық төлеуді болдырмау туралы келісімдерден немесе салық салу мәселелері жөніндегі басқа да халықаралық келісімдерден туындастын преференциялардың немесе артықшылықтардың жеңілдік режимін қолдануына міндеттейтіні тәрізді түсіндірілмеуге тиісті.

4-бап

Басқа ережелердің қолданылуы

Егер бір Уағдаласуши Тарап мемлекетінің зандарындағы ережелерде немесе осы Келісімге қосымша қазіргі кезде бар немесе алдағы уақытта жасалатын, халықаралық құқықпен байланысты міндеттемелерде екінші Уағдаласуши Тарап мемлекетінің инвесторларының инвестицияларына осы Келісімде берілген режимнен ғері барынша қолайлы режим жасау туралы жалпы немесе ерекше сипаттағы ережелер болатын болса, осы ережелер өзінің сол барынша қолайлы күйінде осы Келісіммен салыстырғанда басымдыққа ие болып табылады.

5-бап

Аударымдар

1. Оның мемлекеті аумағында осы инвесторлардың тиісті салықтарды, баждарды және алымдарды төлегеннен кейін екінші Уағдаласуши Тараптың мемлекеті инвесторларының инвестицияларын жүзеге асырған Уағдаласуши Тарап осы инвестицияларға байланысты төлемдердің, ішінара, бірақ толық емес түрде мыйналардың:

а) осы Келісімнің 1-бабының 7-тармағында белгіленгеніндей, проценттердің, дивидендтердің, пайдалардың және басқа да ағымдағы табыстардың;

б) екі Уағдаласуши Тарап та инвестиция ретінде таныған заемдарды өтейтін сомалардың;

в) осы Келісімнің 1-бабының 2-тармағында көзделген құқықтардан туындастын лицензиялық түсімдердің және басқа да төлемдердің;

г) екінші Уағдаласуши Тарап мемлекетінің аумағында жүзеге асырылатын инвестицияларды ұстауға немесе дамытуға, сондай-ақ басқаруға қажетті қаржылар сомасының және қосымша сомалардың;

д) инвестицияларды иелігінен алудан, ішінара немесе толық жоюдан, соның ішінде капиталдың өсімінен алынатын түсімдердің;

е) екінші Уағдаласуши Тарап мемлекетінің аумағында жүзеге асырылатын инвестицияларға байланысты бір Уағдаласуши Тарап мемлекетінің азаматтары алатын

еңбек

ж а л а қ ы с ы н ы ң ;

ж) осы Келісім баптарына сәйкес берілуге тиісті өтемақылардың және осы Келісім шенберіндегі кез келген инвестициялық дауларға байланысты басқа да төлемдердің кедергісіз **аударылымын қамтамасыз етеді.**

2. Аударымдар инвестиация жүзеге асырылған валютамен немесе еркін айналыстағы валютамен аударылым жасалған күні қолданылатын бағам бойынша және аумағында инвестициялар жүзеге асырылған Уағдаласуыш Тарап мемлекетінің заңдарында көзделген процедураға сәйкес себепсіз кешеуілдетпей жүзеге асырылатын болады.

3. Осы баптың 1, 2-тармақтарының ережелеріне қарамастан, Уағдаласуыш Тарап оның мемлекетінің заңдарының әділетті, кемсітушіліксіз негізде қолданылу шарты

б о й ы н ш а :

а) банкроттыққа, төлем қабілетсіздігіне немесе кредиторлар құқығын қорғауға;

б) қылмыстық істерге немесе әкімшілік қылмыстарға;

в) тәртіппен немесе сот істерінің шешімдерімен сәйкессіздік туындаған жағдайларға байланысты **аударымды шектей алады.**

4. Осы бапта көрсетілген және бір Уағдаласуыш Тарап мемлекетінің инвесторлары екінші Уағдаласуыш Тарап мемлекетінің аумағында инвестицияларды жүзеге асыру нәтижесінде инвестициялау орны бойынша табыс көздерінен алған кез келген валютадағы табыстар мен басқа да сомалар соңғы Уағдаласуыш Тарап мемлекетінің аумағында оның заңдарына сәйкес басқа мақсаттарда реинвестициялана немесе

пайдаланыла алады.

5. Уағдаласуыш Тараптар мемлекеттерінің валюталарын және басқа да мемлекеттердің валюталарын, төлем құжаттарын, құнды қағаздарын әкелу және әкету инвестициялар жүзеге асырылған орны бойынша Уағдаласуыш Тарап мемлекетінің заңдарымен реттеледі.

6-бап

Меншік құқығынан айыру мен шектеу және шығындар үшін өтемақы

1. Уағдаласуыш Тараптар екінші Уағдаласуыш Тарап мемлекетінің инвесторларын тиесілі инвестицияларға қатысты тікелей немесе жанама түрде, егер олар мыналарға:

а) заңдық тәртіpte жүзеге асырылатын, қоғамдық мұдде үшін қолданылатын шараларға;

б) кемсітушіліксіз сипаттағы шараларға байланысты болмаса, иелігінен алу, национализациялау жөніндегі іс-әрекеттерге немесе тап сондай сипаттағы яки тең дәрежелі салдары болатын басқада іс-әрекеттерге бармайтын болады.

2. Осы баптың 1-тармағының а), б) тармақшаларында көзделген жағдайлардың салдарынан инвестицияларды алып қоюды жүзеге асырган Уағдаласуыш Тарап екінші

Уағдаласуши Тарап мемлекетінің инвесторларына әділліті және тиімді өтемақының берілуін қамтамасыз етеді. Мұндай өтемақы алынып қойылғанға дейінгі жағдайы бойынша немесе алып қою туралы шешім мәлім болған сөтке дейінгі (бұрынырақта қандай жағдай болатынына байланысты) белгіленген, алынып қойылған инвестициялардың нарықтық құнына сәйкес келетін болады, алынып қойылған күнге дейінгі алты айлық депозиттің Libor+0 ставкасы бойынша есептелетін алынып қойылған инвестиациялар құнының проценттерін қамтитын және еркін аударылуға жататын болады. Шығынды жабу сомасы инвестиациялар жүзеге асырылған валютамен немесе еркін айналыстағы валютамен белгіленуге тиіс және инвесторға оның орналасқан немесе тұратын жеріне қарамастан, себепсіз кешеуілдетпей төленуге тиіс. "Себепсіз кешеуілдетпей" төлем жасау деп аударымға байланысты формальды іс-әрекеттерді орындау үшін қалыпты түрде қажет уақыт ішінде жүзеге асырылған аударым есептелетін болады. Бұл кезең бойынша есептеу өтініш берген күннен басталады және үш айдан аспауға тиіс.

3. Екінші Уағдаласуши Тарап мемлекетінің аумағында орын алған соғыстың немесе басқа да әскери қақтығыстың, революцияның, төтенше жағдайдың, төңкерістің, азаматтық толқулардың немесе басқа да осындай жағдайлардың салдарынан инвестициялары шығынға ұшыраған Уағдаласуши Тараптардың біреуінің мемлекеті инвесторларына өтемақы, реституция немесе басқа да құнын өтеу өз инвесторларына немесе кез келген үшінші мемлекет инвесторларына жасалатын жағдайлардан ешқандай да кем емес қолайлы жағдайда жүргізілетін болады.

4. Бір Уағдаласуши Тарап мемлекетінің инвесторлары түспей қалған пайдаларды қоса алғанда, бірінші Уағдаласуши Тарап мемлекетінің инвесторларына немесе осы инвестицияларымен бірге кәсіпорындарына қатысты осы Уағдаласуши Тараптың мемлекеттік органдарының немесе лауазымды адамдарының инвестиациялау орны бойынша мемлекеттің заңдарына қайшы келетін іс-әрекеттерінің нәтижесінде, сондай-ақ осындай органдардың немесе лауазымды адамдардың заңда көзделген міндеттерін тиісті түрде орындауы салдарынан екінші Уағдаласуши Тарап мемлекетінің аумағында өздерінің инвестицияларына келтірілген шығындардың орнын толтыруға құқылы.

7-бап

Суброгация

1. Егер бір Уағдаласуши Тарап немесе оның өкіллітті институттары екінші Уағдаласуши Тарап мемлекетінің аумағында жүзеге асырылған өз инвесторларының инвестициясына қатысты коммерциялық емес тәуекелге қандай да бір қаржы кепілдіктерін берген болса және осы кепілдік бойынша төлем жасаған болса, онда екінші Уағдаласуши Тарап суброгация принципінің негізінде осылайша түрде

сақтандырылған инвестицияларға байланысты осы инвесторлардың міндеттемелеріне қатысты ескертпелерімен бірге бұл инвесторлар құқықтарының, соның ішінде талап ету құқықтарының толық түрде бірінші Уағдаласушы Тарапқа немесе оның өкілетті институттарына ауысқандығын таниды.

2. Осы баптың 1-тармағында белгіленген суброгация жағдайында инвестор, егер оған Уағдаласушы Тарап немесе оның өкілетті институты өкілдік бермеген болса, талаптар қоymaitын болады.

3. Екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің инвесторының дауда бір Тарап болып табылатын Уағдаласушы Тарап оны шешу процесінің күллі кезеңінде немесе ол бойынша шешімді орындау кезеңінің ішінде соңғы Уағдаласушы Тараптың немесе оның өкілетті институттарының кепілдігінің берілуін көзdemейтін және келтірілген шығындардың немесе зиянның барлық көлемін немесе бір бөлігін жабатын сақтандыру контрактілері бойынша тиесілі шығындар өтемін инвестордан алуға немесе қорғану ретінде өзінің иммунитетіне сұйенуге тиіс емес.

8-бап

Консультациялар

Әрбір Уағдаласушы Тарап екінші Уағдаласушы Тарапқа осы Келісімді түсіндіруге немесе қолдануға байланысты кез келген себеп бойынша консультация өткізуі ұсына алады. Екінші Уағдаласушы Тарап ұсынысқа түсіністікпен қарайтын болады және мұндай консультациялар үшін тиісті мүмкіндік жасайды.

9-бап

Уағдаласушы Тараптар арасындағы дауларды шешу

1. Уағдаласушы Тараптар арасындағы осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге және қолдануға байланысты даулар дипломатиялық арналар бойынша келіссөздер мен консультациялар жолымен шешілетін болады.

2. Егер Уағдаласушы Тараптар дау туындаған сәттен бастап алты айдың ішінде келісімге қол жеткізе алмаса, онда Уағдаласушы Тараптардың кез келгенінің талап етуі бойынша дау құрамы үш адамнан тұратын Төрелік Соттың қарауына тапсырылатын болады. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы бір-бір арбитрден тағайындаиды, ал тағайындалған арбитрлер екі Уағдаласушы Тарап мемлекеттерімен де дипломатиялық қатынастар орнатқан үшінші бір мемлекеттің азаматы болып табылатын Төрағаны саілаиды.

3. Егер Уағдаласушы Тараптардың біреуі өз арбитрін тағайындаіттын болса және екінші Уағдаласушы Тараптың мұндай тағайындауды екі айдың ішінде өткізуге шақырған ұсынысымен келіспесе, соңғы Уағдаласушы Тарап БҰҰ Халықаралық Сотының Президентіне оның қажетті тағайындауды жүргізуі үшін өтініш жасай алады.

4. Егер екі арбитр де олардың тағайындалғанынан кейін екі айдың ішінде Тәрағаны сайлауға байланысты келісімге келе алмаса, онда Уағдаласушы Тараптардың кез келгені БҰҰ Халықаралық Сотының Президентіне қажетті тағайындауды жүргізу туралы өтініш жасай алады.

5. Егер осы баптың 3, 4-тармақтарында көрсетілген жағдайдағыдан, БҰҰ Халықаралық Сотының Президенті аталған қызметті орындаі алмайтын болса немесе, егер ол Уағдаласушы Тараптардың біреуінің мемлекетінің азаматы болып табылатын болса, онда мұндай тағайындауды Президенттің орынбасары жүргізеді, ал егер ол да тиісті қызметтің орындаі алмайтын болса немесе Уағдаласушы Тараптардың біреуі мемлекетінің азаматы болып табылатын болса, онда тағайындауды Уағдаласушы Тараптардың ешқайсысының да мемлекетінің азаматы болып табылмайтын, БҰҰ Халықаралық Сотының лауазымы жағынан келесі үлкен мүшесі жүргізетін болады.

6. Сот шешім қабылдаудан бұрын ол өз жұмысының кез келген сатысында Уағдаласушы Тараптарға дауды достық жолымен шешуді ұсына алады. Егер Уағдаласушы Тараптар солай деп шешкен болса, алдыңғы ережелер дауды шешуге кедергі кеleтірмейтін алады.

7. Уағдаласушы Тараптар арасындағы басқа да уағдаластықтарды бұзбастан, сот өзінің процедуралық ережелерін белгілейді. Сот шешімді көпшілік дауыспен қабылдағын алады.

8. Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы өзінің Соттағы мүшесін ұстауға, сондай-ақ Төрелік Сот процедурасындағы өзінің үлесіне сәйкес шығындарды көтереді. Төрелік Сот Тәрағасын ұстау жөніндегі шығындарды және басқа да шығындарды Уағдаласушы Тараптар тендей бөліп көтереді. Алайда Сот өз шешімінде Уағдаласушы Тараптардың біреуіне шығындарды жабуда барынша жоғары мөлшер белгілей алады, сондай-ақ бұл шешім Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы үшін міндетті болып табылады.

9. Сот шешімдері Уағдаласушы Тараптардың әрқайсысы үшін ақырғы шешім және орындауға міндетті болып табылады.

10-бап

Уағдаласушы Тарап пен екінші Уағдаласушы Тарап мемлекеті инвесторының арасындағы дауларды шешу

Әрбір Уағдаласушы Тарап осы арқылы бірінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің аумағында олардың жүзеге асырған инвестицияларына қатысты бір Уағдаласушы Тарап пен екінші Уағдаласушы Тарап мемлекетінің инвесторы арасындағы туындаған кез келген заңды дауды мынадай үйымдардың біреуінің:

- a) БҰҰ Халықаралық Сотының;
- б) БҰҰ-ның Халықаралық сауда құқығы жөніндегі комиссиясының Арбитраждық ережелеріне сәйкес құрылған ad hoc төрелік сотының (ЮНСИТРАЛ);

в) егер екі Уағдаласуши Тарапта Вашингтонда 1965 жылғы 18 наурызда қол қоюға ашылған Мемлекеттер мен басқа мемлекеттер азаматтарының арасындағы инвестициялық дауларды шешу жөніндегі конвенцияның қатысушылары болып табылатын болса, онда Инвестициялық дауларды шешу жөніндегі халықаралық орталықтың қарауына ұсынуға келісім береді.

11-бап

Қолданылатын зандар

1. Егер осы Келісімде басқаша көзделмеген болса барлық инвестициялар осы Келісімге сәйкес онда инвестициялар жүзеге асырылған Уағдаласуши Тарап мемлекетінің аумағында қолданылатын зандармен реттелетін болады.

2. Осы Баптың 1-тармағының ережелеріне қарамастан, Уағдаласуши Тараптар өздерінің зандарына сәйкес кемсітушіліксіз негізде жүзеге асырылатын оның өмірлік мүдделерін қоргауға және ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған шаралар қабылдай алады.

12-бап

Келісімнің қолданылуы

Осы Келісім екінші Уағдаласуши Тарап мемлекеті инвесторларының бір Уағдаласуши Тарап мемлекетінің аумағында оның зандарына сәйкес өндірген инвестицияларына қатысты, олар осы Келісім күшіне енген сәтке дейін немесе одан кейін жүзеге асырылғанына қарамастан қолданылады.

13-бап

Өзгертулер мен толықтырулар енгізу

Осы Келісімге Уағдаласуши Тараптардың жазбаша келісімі бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізіле алады.

14-бап

Келісімнің күшіне енуі, қолданылу ұзактығы және күшін тоқтатуы

1. Уағдаласуши Тараптар осы Келісімнің күшіне енуіне байланысты Уағдаласуши Тараптардың әрқайсысы мемлекеттерінің ұлттық зандарында көзделген құқықтық процедуралардың орындауы туралы ноталар алmasады.

Осы Келісімнің күшіне енетін күні соңғы нотаны алған күн болып табылады.

2. Осы Келісім он жыл бойы қолданылатын болады. Егер Уағдаласуши

Тараптардың ешқайсысы да тиісті мерзім аяқталғанға дейін 12 ай бұрын жазбаша нысанда екінші Уағдаласуышы Тарапқа осы Келісімнің қолданылуын өзінің тоқтатқысы келетіні туралы мәлімдемейтін болса, онда осы Келісімнің қолданысы келесі бесжылдық кезеңдерге өздігінен үзартылады.

3. Осы Келісімді бұзған жағдайда оның ережелері, 1-12-баптар осы Келісім қолданысының тоқтатылған сәтіне дейін жүзеге асырылған инвестицияларға қатысты бұдан әрі қарайғы онжылдық кезең бойы күшінде қала беретін болады.

Алматы қаласында 1997 жылғы "2" маусымда екі данада, қазақ, өзбек және орыс тілдерінде жасалды, сондай-ақ барлық мәтіндердің де күші бірдей.

Осы Келісімді түсіндіру мақсатында орыс тіліндегі мәтін пайдаланылады.

Қазақстан Республикасының

Өзбекстан Республикасының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК